



Құрметті ембіліктер!

Міне, тағы бір жылдың ызғарлы қысы аяқталып, жайма шуақ көктем де келіп жетті. Осы күнмен тұспа-тұс келген мейірімділіктің, бірлік пен достықтың жарқын мерекесі – Алғыс айту күнімен баршаңызды құттықтаймын!

Біз тарихы тереңде жатқан Компанияда, бір ұжымда еңбек ететіндіктен, бір-бірімізге ризашылығымызды, алғысымызды үнемі білдіріп отыруымыз керек. Себебі, табысты еңбектің кілті – ұжымның бірлігінде, қызметкерлердің татулығында.

Наурыз – маңызды да мәнді мерекелер айы. Санаулы күндерден кейін Аналар мейрамын тойлаймыз. «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы атынан ембілік аруларды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіз еліміздің күннен-күнге нығайып, әр жеткен жетістігі мен биігіне ардақты арулардың қосып жатқан үлесі өлшеусіз. Отбасының күнделікті шаруасын, бала тәрбиесін және қоғамдық жұмыстарды қоса атқара жүріп әйелдер

біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді.

Бүгінгі таңда қоғамда нәзік жанды арулар араласпайтын сала жоқ. Ғасырға жуық тарихы бар «Ембімұнайгаз» компаниясында 900-ге жуық қыз-келіншек еңбек етеді. Олардың қай-қайсысы да еселі еңбектерімен абыройға бөленуде. Өйткені, олар өндірістегі ауыр жұмыстарды ерлермен қатар тең дәрежеде сапалы атқарып қана қоймай, компанияның өркендеуіне, қоғамдық өміріне де белсене араласуда. Сондай-ақ, олар үйлерінде де ұрпағын тәрбиелеп, шаңырақтың ұйытқысы болып отыр. Сондықтан, мұнайшы қыз-келіншектердің ел мерейін арттырудағы сүбелі орнын қашан да мақтанышпен айтамыз.

Құрметті аналар, арулар! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, бақ-береке тілеймін!

Құрметпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ



Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

6 ҚАДАМ. Стрессті басқару

Стресс еңбекті ұйымдастыруға, еңбек қатынастары мен өзара қарым-қатынас механизмдеріне тәуелді. Ол жұмыскерге қойылған талаптардың оның мүмкіншіліктеріне, ресурстарына және мұқтаждылығына сәйкес болмаған немесе асырылған жағдайларда немесе жұмыскердің (жұмыскерлер тобының) білімі мен қабілеттері компания мәдениетімен қойылған талаптарын қанағаттандырмаған жағдайларда пайда болады.

Стресс денсаулықтың ауыр физикалық проблемаларына алып келуі мүмкін, мысалы иммунодефицит, созылмалы бас аурулары, жүрек-тамыр аурулары, және де сырқаттан қалыпқа келу қабілетінің төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар, ауыр еңбек жағдайлары шылымды тастау,

салауатты тамақтану, физикалық белсенді болу сияқты қажетті өмір салтының өзгерістеріне кедергі болу мүмкін.

Жұмыста стресстің белгілі бір деңгейі болмай қалмайды, сондықтан да, негізгі мақсатымыз – бұл стрессті бүкіл деңгейлерде басқару және оны азайту.

Осыған байланысты, тендестірілген тамақтанумен, жеткілікті демалыс және спортпен шұғылданумен деңсаулықтың жалпы жағдайын нығайту қажет. Физикалық жаттығулар – стрессті жеңудің бірден бір әдісі. Стрессті азайтуға тағы терең кеңірек тыныс алу, аутогенді жаттығулар және медитациялар үлкен септігін береді.

Мейірімді қарым-қатынасты жігерлендіретін жұмыс ортасын дұрыс ұйымдастыру қажет. Әрбір жұмыскер басқа жұмыскерлердің қолдауына сүйене алатынын түсіну керек.

(Жалғасы келесі сандарда)

БҰЛ НӨМІРДЕН ОҚИ АЛАСЫЗДАР:



Атқарылған жұмыс көп,
ауқымды істер алда тұр
2 бет



Мұнайлы өңірде өркендеу бар
3 бет



Что творится в голове у женщины?
4 бет



Солтүстік Қазақстан облысының
бизнес-делегациясы
Ембіде болды
6 бет



Фитнес орталығы ембіліктерді шақырды
8 бет



ҚМГ жаңалықтары

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі жаңа ұйымдық құрылымды бекітті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2019 жылдың 6 ақпанында Директорлар кеңесінің мәжілісі өтті. Мәжіліс барысында Компанияның ұйымдық құрылымын өзгертіп, төменде көрсетілген негізгі бизнес-бағыттарды басқару процестерінің ара-жігін ажырату туралы шешім қабылданды.

Жаңа құрылымға сәйкес Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервисі жөніндегі орынбасары қызметі қысқартылып, оның орнына Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары мен Басқарма төрағасының барлау және геология жөніндегі орынбасары лауазымдары енгізілді. Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары қызметінің орнына Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары және Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбыры құрылысы жөніндегі орынбасары қызметтері енгізілді. Бұдан басқа, «Маңғыстаумұнайгаз» және

«Өзенмұнайгаз» жөніндегі басқарушы директор лауазымы қысқартылды.

Осыған орай 2019 жылдың ақпан айынан бастап негізгі бизнес-бағыттардың дамуына жетекшілік ететін тиісті салалардағы кәсіби мамандар тағайындалды:

- **Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы** Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды. Ж.Марабаев мұнай мен газ өндірудің жоспарлы көрсеткіштеріне жетуге, өндірістік қызметтің ұйымдастырылуы мен үйлестірілуінің тиімділігін арттыруға жауап беретін болады;

- **Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы** Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Қ.Есқазиев ресурстық базаны кеңейтуге және еншілес кәсіпорындардың қорларын тиімді басқаруға жауап беретін болады;

- **Тиесов Данияр Сүйіншілікұлы** Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары болып тағайындалды және

басты өндірістік көрсеткіштердің орындалуына жауап беретін болады;

- **Берлібаев Данияр Әмірбайұлы** Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Жаңа қызметте ол мұнайдың экспорты мен тасымалдануына, экспорт нарықтарында мұнайдың әрі қарай өңделуіне, Компания үшін құнды барынша көбейтуге, сондай-ақ газбен қамтамасыз ету жөніндегі «Сарыарқа» стратегиялық жобасын іске асыруға жауап береді.

Жаңа ұйымдық құрылым «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да өндірістің және корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруға, өзекті шешімдердің жедел қабылдануын қамтамасыз етуге және Компанияның орталық кеңсесі мен еншілес тәуелді ұйымдары арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға тиіс.

Компания бұл өзгерістер еңбекақы төлеу қорына қосымша қаржылай шығын келтірмейтінін атап көрсетеді.

Атқарылған жұмыс көп, ауқымды істер алда тұр

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып МАРАБАЕВ «Ембімұнайгаз» АҚ-да (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) болып, Компанияның басшылық құрамымен кездесті.

Айта кетейік, Жақып Нәсіпқалиұлы 2019 жылдың 11 ақпанынан бастап жаңа лауазымға тағайындалған болатын. Осыған орай, оның Ембіге сапары барысындағы кездесу Компанияның қызметі мен өткен жылғы көрсеткіштерімен танысуға негізделді.

Кездесу барысында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ 2018 жылдың өндірістік қорытындылары туралы есеп беріп, алдағы жоспарлармен бөлісті.

- Өткен жылдың басында акционер ембілік кен алаңдарындағы өндіру жоспарын бекітіп, жыл ішінде 2 млн. 895 мың тонна мұнай өндіруді міндеттеді. Бұл өткен кезеңдердегі жылдық көрсеткіш деңгейінен 55 мың тоннаға артық. Бұл – біз үшін үлкен сынақ болды. Өйткені, Ембі кен алаңдарының басым бөлігі ұзақ жылдар бойы игеріліп, пайдаланудың соңғы сатысында тұрғаны белгілі. Соған қарамастан, Ембінің ұйымшыл ұжымы алға қойылған міндетті орындай білді. Өткен жылдың 12 айының қорытындысы бойынша 2 млн. 895 мың 332 тонна мұнай өндірілді.

Мұнай өндіру көрсеткіштерінің тұрақты сақталуында ұңғымалардың өнімділігін және қабаттардың мұнай беруін арттыруға бағытталған ұйымдастыру-техникалық, геологиялық-техникалық

жұмыстардың қалыпты орындалуының орны зор, - деп атап өтті Басқарма төрағасы.

Жиын барысында Жақып Марабаев техника қауіпсіздігі саласына баса мән беріп, сала бойынша атқарылып жатқан мәселелерге кеңірек тоқталды.

- Біздің басты құндылығымыз – жұмысшылар. Сондықтан, олардың қауіпсіздігі, еңбек жағдайы алдыңғы кезекте тұруы керек. Әр маман – өз ісінің кәсіби шебері болуы маңызды. Сондықтан, олардың саулығына, жұмысына кері әсер ететін бірде-бір жағдай орын алмауы керек. Мұны басшылық та жіті қадағалауы тиіс, - деп атап өтті Бас компания басшысының өндіріс жөніндегі орынбасары Ж. Марабаев.

Өткен жылы өлім мен апаттық жағдайлар бойынша Компания барлық қызметкерінің біріккен және жүйелі еңбегінің арқасында нөлдік көрсеткішке қол жеткізді. Дегенмен, жұмыс орындарында жай және ауыр жарақат алудың төрт оқиғасы орын алған.

- Барлық жағдайларға байланысты саралау жұмыстары жүргізілді, тиісті шаралар қабылданды. Кен орындарының қауіпсіздік техникасы класстарында жұмысшыларға қосымша оқу ұйымдастырылып, өндірістегі қауіпсіздік бойынша бейнероликтер көрсетілуде, қауіпсіздік бойынша 14 корпоративті-нормативтік құжаттар жасақталып, бекітілді, - деді ЕМГ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Ильяс САРЫБЕКОВ.

Кездесу барысында, сонымен қатар, Компанияда соңғы жылдарда қолға алынып жатқан жаңа технологиялардың өнім көрсеткішіне айтарлықтай әсер етіп отырғаны айтылды.

Сонымен қатар, Бас компания басшысының орынбасары Жақып Нәсіпқалиұлына қазіргі таңда Ембіде жүргізіліп жатқан барлау бұрғылау жұмыстары, Компанияның геологиялық барлау бағытындағы жоспарлары туралы айтылды. Бұған қоса, Компания бойынша әр қызмет бағытының жұмыс қорытындылары қаралып, анықталған проблемалардың шешілу жолдары сараланды. ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев мұнай мен газ өндірудің жоспарлы көрсеткіштеріне жетуге, өндірістік қызметтің ұйымдастырылуы мен үйлестірілуінің тиімділігін арттыруға қатысты жетекшілік ететін басшыларға нақты тапсырмалар берді.

Сондай-ақ, Ембіге сапары барысында ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев бас кеңседегі Өндірістік процесті бақылау орталығында өндіріс барысымен, Компанияның «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасымен танысты. Айта кетсек, Тұжырымдаманың енгізілуіне орай, электр энергиясын пайдалану 30%-ға азайып, ұңғымаларды жөндеуаралық мерзімі айтарлықтай қысқарып, олардың тәуліктік өнім өндіру көрсеткішіне есеп жүргізуге мүмкіндік туды.

Өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің директоры Болат НСАНБАЕВ аталған орталықтың онлайн-режим жүйесі арқылы өндірісті қашықтықтан басқару мүмкіндігі бар екенін, барлық ақпарат жедел түсіп тұратынын, соның негізінде шешімдер қабылданатынын жеткізді. Нақтырақ айтсақ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің технологиялық үдерістерін басқару автоматтандырылған жүйесі, ЕМГ-нің барлық кен орындарындағы әр ұңғыманың мәліметтері, жөндеу бригадалары мен көлік мониторингін бақылау жүйесі туралы мол мағлұматтар берілді.

- Өндірісті автоматтандыру, сол арқылы жұмысшыларға қауіпсіз жағдай туғызу, олардың жұмысын жеңілдету бағытында ауқымды жұмыстар жасалған. Атап өтетін басты жайт, бұл жоба – компанияның IT саласы мамандары мен өндіріс, қаржы салалары қызметкерлерінің бірлескен жұмысының жемісі, - деп, ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Нәсіпқалиұлы ембілік мамандар жұмысына оң бағасын берді.



Аймақ жаңалықтары

Мұнайлы өңірде өркендеу бар

Атырауда «Жайық» спорт кешенінде өткен облыс әкімі Нұрлан Ноғаевтың жұртшылық алдында есеп беру кездесуінде аймақ басшысы екі мың адамның алдында «Атырау облысының 2018 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қортындылары туралы» баяндама жасап, биылғы жоспарларды атап өтті.

Аймақ басшысының айтуынша, қазір аймақта көпбалалы жұмыссыз аналарды, жалғызбасты, мүгедек бала тәрбиелеп отырған және әлеуметтік жағынан аз қамтылған аналарды қолдауға бағытталған жаңа шаралар жасалған. Шара аясында аналар жаңа мамандық меңгерудің қысқа мерзімді курстарына қатысады. Бірінші кезеңде курсқа 200 адам қатысады деген жоспар бар. Әйелдердің таңдауларына 10 кәсіби бағыт беріледі, курс 15 күнге дейін созылады. Оқу аяқталған соң қатысушыларға сертификат беріледі.

«Курстарды Азаматтық орталықтың мамандары дайындады. Біздің мақсатымыз - әйелдерді кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, сол арқылы өз істерін бастап, мақсаттарын айқындап, алға қарай дамуларына қолдау көрсету. Бүгінде өңірдегі кәсіпкерлердің 47% - әйелдер. Бұл көрсеткішті әлі де арттыру керек», - деді Атырау облысының әкімі.

Жұмыссыз аналарды оқытатын он бағыттың ішінде тігінші, аспаз, шаштараз, маникюр, визаж, бухгалтерия, емдік массаж, интернет-сауда дағдысы, SMM секілді курстар бар. Оқу аптасына үш рет жүреді, наурыз айынан бастап топ жиналады.

«Курс барысында әйелдер жаңа мамандықты игеріп қана қоймай, әлеуметтік желілерде іс жүргізу, маркетинг пен бизнес негіздеріне онлайн режимде оқи алады», - деді Нұрлан Ноғаев.

Аталған курстарға оқуға жұмыссыз көпбалалы аналар, жалғызбасты аналар, мүгедек бала тәрбиелеп отырған және әлеуметтік осал топтағы аналар шақырылады.

Айта кетейік, Атырау облысында 1 ақпан 2019 жылғы мәлімет бойынша, 12 249 көпбалалы ана жәрдемақы алады, оның ішінде 5557 «Күміс алқа», 3594 «Алтын алқа» иегерлері, 10 және одан да көпбала тәрбиелеп отырған 983 батыр ана бар. Мемлекеттен жәрдемақы алатын аналардың жалпы саны - 22 383 адам. Облыста атаулы әлеуметтік көмекті 2035 отбасы (10949 адам) алады.

Сонымен қатар, аймақ басшысы облыста 11 қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу жоспарлануда екендігін жеткізді.

«Облыста 2017-2021 жылдарға арналған қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жөнінде өңірлік бағдарлама қабылданды. Бүгінде облыстағы қоқыс полигондарында 2,3 млн тонна әр түрлі қалдықтар сақталуда. Өткен жылдың өзінде 112 мың тонна ҚТҚ жиналды. Қоқыс жинайтын жаңа полигондар құрылысы - қажетті жұмыс», - деді Нұрлан Ноғаев.

Табиғат қорғау шараларының аймақ үшін маңызы зор. Өткен жылы облыста өңір экологиясына теріс әсерді азайтуға бағытталған 47 шара өтті. Қаржыландырудың жалпы сомасы 4,9 млрд теңге болды.

Қазір Атырау облысындағы 11 елдімекенге қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу жоспарланып отыр.

Нұрлан Ноғаев 2018 жылдың әлеуметтік-экономикалық даму қортындылары мен болашақтағы жоспарлар туралы айтты.



Өңір басшысының айтуынша, биыл 25 білім беру нысанының құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі, атап айтсақ, 10 балабақша, 11 мектеп, 1 музыка мектебі, 2 жатақхана, 1 жатақханасы бар лицей.

«Денсаулық сақтау саласында жергілікті бюджет пен демеушілер есебінен үш нысанның құрылысы аяқталады, олар - Кардиология орталығына қосымша ғимарат, Құрманғазы аудандық ауруханасындағы 75 орындық ғимарат және Қызылқоға ауданы Қарабау ауылындағы фельдшерлік-акушерлік бөлімше», - деді Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев.

Сонымен қатар, биыл мың жарым орындық 9 мәдениет нысаны - мәдениет үйі, кітапхана мен музей пайдалануға беріледі. Ал спорт саласында 2019 жылы алты спорт залы, мектеп пен ДСК ашылады деген жоспар бар.


Елбасының «7-20-25» Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» бағдарламасына екінші деңгейдегі 8 банк қатысуда.

Сондай-ақ, облыс әкімдігі мен «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ арасында «7-20-25» Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын іске асыру аясында Меморандумға қол қойылды.

«Жалпы бағдарлама басталғалы екінші деңгейдегі банктерге 265 өтініш түсіп, оның 155-і мақұлданды. Оның ішінде, 138 өтінішке 1 млрд 821 млн теңге қарыз берілді», - деді Нұрлан Асқарұлы.

Есеп беру жиынында жиналған жұртшылық ашық микрофон арқылы аймақ басшысына толғандырған сауалдарын қойып, тұшымды жауаптарын ала білді.

Қазақпарат.



Атырау мұнай өңдеу зауытында – жаңа басшы

Атырау мұнай өңдеу зауытының қатысушылары жалпы жиналыстың шешімімен, 15 ақпанда зейнеткерлік жасқа шығуына байланысты «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС басқарма төрағасы Ғалымжан Жыршыбекұлы Амантурлиннің өкілеттігі тоқтатылды.

Осындай шешіммен зауыттың басқарма төрағасы (бас директоры) Шухрат Данбай Әбдірашитұлы сайланды, ол 2018 жылдың маусымынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК мұнай өңдеу жөніндегі басқарушы директоры болған.

Ш.А.Данбай 1963 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласында дүниеге келген. «Қайнар» университетінің халықаралық экономикалық қатынастар факультетін, Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік басқару академиясын «Іскерлік әкімшілік докторы» мамандығы бойынша бітірген. Қазіргі таңда И.М.Губкин атындағы

Ресей мемлекеттік мұнай және газ институтын «энергетикалық көсбасшылық» бағдарламасы бойынша Executive MBA курсына оқып жатыр.

Бірнеше жыл бойы мұнай жеткізу және өңдеу бойынша ірі коммерциялық құрылымдарды басқарған («Гелиос» ЖШС Бас директоры, «Қазақстан отын энергетикалық кешені» ЖШС Бас директоры), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» қайта өңдеу және мұнай химиясы бөлімінің атқарушы директоры, ал 2009 жылдың қыркүйегінен 2017 жылдың қарашасына дейін - «ПМХЗ» ЖШС Бас директоры, 2018 жылдың маусым айынан 2019 жылдың 15 ақпанына дейін - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнайды қайта өңдеу бойынша Басқарушы директоры.

anpz.kz



Арулар - асыл жандар!

Что творится в голове у женщины?

Этот риторический вопрос не дает покоя многим мужчинам. Впрочем, они бы немало удивились обилию и многообразию информации, которую женский мозг может обработать и выдать в виде готовых решений. Еще бы – современная женщина сегодня готовит сложные расчеты и аналитические справки на работе, а в редкие минуты отдыха и дома быстро переключается на режим хранительницы домашнего очага, заботливой мамы и просто женщины! Как сотрудницы Эмбы справляются с мультизадачностью в повседневной жизни, мы поинтересовались у самих прекрасных представительниц Компании.

Ведущий инженер отдела разработки НГМ департамента геологии и разработки месторождений аппарата управления АО «Эмбаунайгаз». Гулжан КАЗЖАНОВА на рабочем месте обрабатывает внушительный массив геологической информации - отчеты по добыче нефти по контрактам, расшифровка фонда добывающих, нагнетательных скважин по месторождениям, готовит отчетность по геологическим мероприятиям, отчеты о выполнении планов по добыче нефти, закачке воды, объемам попутно-пластовых вод и массу другой необходимой для производственной деятельности информацией.

У Гулжан Саламатовны за плечами большой опыт оперативной работы на скважинах нефтяной Эмбы.



Начав в 1984 году трудовую деятельность после окончания Гурьевского ПТУ с должности оператора второго разряда по добыче нефти и газа на месторождении «Карсак», прошла все ступени профессионального роста геолога. В 1992 году, после окончания в Алматы КазПТИ им. Ленина, вернулась на месторождение «Карсак» оператором 4 разряда по поддержанию пластового давления, работала геологом на месторождениях «Доссор» и «Ботакан», с 2004 по 2017 гг. – ведущим геологом в аппарате управления НГДУ «Доссормунайгаз». На текущем месте работает с февраля 2017 года.

Гулжан Саламатовна, Вы выбрали непростую профессию геолога. Чем был обусловлен выбор?

- Признаюсь, что в детстве мечтала работать медиком. Но на профессии нефтяника настояла мама, которая всю жизнь прослужила рабочей на железной дороге. Первое время, конечно было тяжело и многое непонятно. Но со временем работа становилась все интересней. И я по сей день благодарна маме за правильный совет!

По роду службы, Вы обрабатываете огромный объем достаточно сложной информации. Как Вам удается совмещать аналитическую работу и роль жены и матери?

- Наверное, мне все дается легко, потому что я очень люблю свою работу и к ней отношусь творчески. Еще в молодости, в годы работы на месторождении «Ботакан», работая с фондом, я поняла, что у каждой скважины свой характер и к каждой из них нужно найти особый подход, чтобы она работала продуктивно. Здесь же научилась планировать проведение мероприятий, чтобы все скважины на месторождении работали эффективно и продолжительно. Когда за цифрами видишь живую картинку, тогда и работаешь легко, а после работы с радостью идешь домой к семье! Убеждена, что успевать на работе и в жизни можно только с помощью четкого планирования.

С первой нашей собеседницей единодушно солидарна ведущий специалист по кадрам отдела трудовых отношений и кадрового администрирования департамента управления персоналом и оплаты тру-



да, а также многодетная мама Кулян Дабысбаева. Ее каждый день буквально расписан по минутам.

В течении трудовой недели на любимой работе, она оформляет массу бумаг по трудовым отношениям, по отчетности движения персонала и другую документацию. Все остальное время Кулян посвящено семье, в которой подрастают четверо деток, младшему из которых – 1 год и 8 месяцев.

- Главное, правильно выстроить день. Подъем у нас в 6.30, потом завтрак. В 7.40 мы уже выезжаем из дома. Сначала развожу детей по школам, потом еду на работу.



Мне очень повезло, что в отсутствие мужа, когда он на вахте, мне помогает с хозяйством свекровь, которая еще и нянчит младшего сына. Несколько раз в неделю в обеденный перерыв отвожу дочь на гимнастику. Вечером после работы, делаю заготовки на завтра и другие хозяйственные дела, параллельно проверяя уроки у детей. Конечно, как любая

многодетная мама, у которой есть маленький ребенок, иногда устаю и не высыпаюсь ночами. Но, понимаю, что все это временно. Дети растут, и старшие сыновья уже помогают с уборкой дома и двора в выходные. В эти долгожданные дни недели все домашние обязанности мы распределяем между всеми членами семьи. Я по традиции готовлю что-нибудь вкусное, и вся семья собирается вечером за столом.

Поделитесь рецептом приготовления быстрого блюда для семьи?

- Дома мы частенько готовим пиццу на скорую руку. Нужно замесить тесто из 300-400 граммов муки, стакана молока, двух яиц, половины чайной ложки дрожжей, соль по вкусу. Для начинки – нарубить колбасу или куриную грудку, помидоры, соленые огурцы. Сверху посыпать сыром. Выпекать 20 минут при температуре 180 градусов. Пока запекается, можно накрыть стол и заварить чай.

Ведущего аналитика департамента казначейства Алмагуль Дюсекенову руководство ценит как грамот-



ного и трудолюбивого специалиста. Согласно служебным обязанностям, Алмагуль ежедневно производит платежи внутри Компании – перечисляет заработную плату и другие денежные выплаты сотрудникам. По словам руководителей, она – очень дисциплинированный и добросовестный сотрудник, несмотря на растущих малы-

шей – погодок - 2-х и 4-х лет. Вежливая и доброжелательная в общении с коллегами, в своем департаменте ее считают самым позитивным и открытым человеком.

- Это благодаря мужу, который у меня просто «золотой»!, - с гордостью подчеркивает Алмагуль. – В отличие от меня, он работает в частном бизнесе со свободным графиком. И наравне со мной делит нагрузку по дому и воспитанию детей.

Вам действительно повезло с супругом! Есть мужчины, которые полагают, что они должны только обеспечивать семью материально, а обустройство быта и воспитание детей - целиком на женщине. Кстати семейные психологи советуют вступающим в брак супругам договариваться о распределении обязанностей «на берегу» - до свадьбы. Вы договорились заранее?

- Мы ни о чем не договаривались (смеется). Все произошло естественно, как и должно быть. Мы все делаем вместе – и хлопоты по дому и заботу о детях. Поэтому, я могу спокойно работать, а в свободное время, помимо воспитания детей, уделять время любимому хобби. Моя мечта – обучиться косметологии.

То, что гармоничные отношения в семье – залог успешного совмещения работы, семьи и личного досуга для женщины, подтверждает еще одна наша собеседница - ведущий переводчик группы документационного обеспечения Софья Алиева.

- Сейчас дети выросли, старшему – 25, среднему – 17 и младшей дочери – 9. Когда я пришла в компанию, старший сын только пошел в первый класс, поэтому без помощи свекрови, которая живет с нами, было бы очень трудно. По сей день, в течении рабочего дня у меня практически не бывает свободной минуты – идет нескончаемый поток служебной и технической документации на перевод, объем некоторых из бумаг достигает более десятка страниц.

Софья Намазовна, по себе знаю, что люди творческого склада, а Вы – профессиональный филолог, должны куда-нибудь направлять творческую энергию.

- Да, иногда помогаю людям корректировать тексты книг. Когда-то принимала участие в разработке словаря технических терминов для нефтегазовой промышленности на трех языках, который потом был издан. Со школьных лет люблю танцевать (улыбается). Год моего поступления в КазГУ пришелся на 1987 год, когда были свежи воспоминания о декабрьских событиях. Во избежание повторения аналогичных выступлений на национальной почве, нас селили в общежития вместе с представителями разных национальностей, в том числе с гражданами развивающихся стран. Там же организовывали разнообразный досуг для студентов. Поэтому, мой танцевальный школьный опыт пригодился в студенческие годы, где на протяжении всей учебы, я активно участвовала во всех культурно-массовых мероприятиях университета. Еще одно мое хобби – выпечка. Люблю печь торты. Могу предложить один рецепт торта на скорую руку – растопить 150 граммов сливочного масла, добавить 1 стакан молока, один стакан сахара, одно яйцо, 0,5 чайной ложки соды и полтора стакана муки. Перемешать тесто и поставить в духовку на 40-45 минут при температуре 180 градусов. Можно съесть как кекс с любым джемом/вареньем или покрыть обычным кремом, взбив сливочное масло со сгущенным молоком.



Вторая слева Софья Алиева на Фестивале нефтяников ОАО «Казakhstan-Эмба» в 2001 г.



Арулар - асыл жандар!



Мамандықты бала кезден таңдау керек



Жылыой ауданы тұрғындарының дені – мұнайшылар отбасы, байырғы «қара алтын» өндірушілердің ұрпақтары. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – ұзақ жылдар мұнай кәсіпшілігінде мұнай-газ өндіру операторы болып еңбек етіп келе жатқан бес баланың анасы Раушан Молдағали.

Адам баласының сыртқы түр-әлпеті әр түрлі болатыны сияқты, олардың жан-дүниесі бір-біріне ұқсай бермейтіндігімен дараланады ғой. Көп балалы ана Раушан Әсетқызының өзі де көп балалы отбасында өсті. Көп балалы жанұяның бір құдіреті-бала жатырқауды білмейтін көпшіл, қолындағысын жұртқа бергісі келіп тұратын мейірімді болып ер жетеді ғой. Раушанның анасы Жәния 14 құрсақ көтерген. Бесеуі ерте жастан өмірден өтсе, қалған тоғызы үйелмелі-сүйелмелі болып бірге өсті.

Көп балалы отбасында өскен Раушан жастайынан үйдің тіршілігіне араласып өсті. Ауыр жұмыс деген жоқ, бірден білегін сыбана үй шаруасында анасына қолқабысын тигізе кететін.

Бүгінгі таңда «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай-газ өндіру операторы болып еңбек етіп жүрген Раушан Молдағали мұнайлы өңір Байшонас кентінде туып-өсті. Байшонас – негізінен, мұнайшылардың мекені. Раушанның әлі есінде ауыл іргесінде мұнай ұңғымалары көрініп тұрушы еді. Бала болып ойнағанда да бірі мұнайшы, бірі аспазшы болып, сол кәсіп иесінің кейпіне енетін. Көретіндері де сол мамандық иелері ғой. Кейін әке-шешелері Жылыой өңіріне қоныс аударды.

Болашақта қандай мамандық иесі болатынымызды бала кезімізде-ақ таңдап қоятынымыз бар ғой. Адамды өмірге бейімдейтін өскен ортасы екені анық. Мұнайлы өңірде өскен

Раушанның алдында мектеп бітіргенде бір-ақ жол тұрды. Мұнайшылық кәсіп. Себебі, Раушан үшін бұдан асқан мәртебелі кәсіп жоқ. Жастайының көріп өскен жандардың бәрі де осы саладан нәпақасын тапқандар еді. Раушан орта мектепті Құлсарыдан тәмамдап, еңбек жолын осы өңірдегі бұрғылау мекемесіндегі лаборантқалықтан бастады.

Бірге еңбек еткен аға-апалары оқу керектігін, білімін жетілдірмейінше бұл кәсіпті толық меңгеру қиын екендігін жиі айтатын. Содан Раушан үлкен арман арқалап Алматығы жол тартты. Сәті түсіп В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтқа оқуға түсіп, «Геология және мұнай-газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша бітіріп шығады. Жолдамамен туған өңіріне оралып, мұнайшылық мамандығын әрі қарай жалғастырады. Міне, биыл осы саладағы еңбек өтіліне 40 жылдай уақыт болады.

Ұзақ жылғы еңбек жолында талай мәрт жандармен қызметтес болды. Жас болып өндіріске келгенде аға-апаларының тәлім-тәрбиесін көрді. Үйренді, қиындықтан қашпады. Соның арқасы да болар, Ембі өндірісінде табан аудармай ұзақ жыл еңбек етті. Еңбек жолына назар аударған Раушан Әсетқызы кешегі мен бүгінгі өндіріс арасының жер мен көктей алшақтап кеткенін айтады.

- Мұнайшының еңбегі қиын да қызықты. Соның ішінде оператордың еңбегінің сыры бір төбе ғой. Мен жұмысқа келген сәттерде барлық жұмыс қолмен атқарылатын. Әр екі сағат сайын ұңғыманың жұмысын тексеріп, өнім көрсеткішін қолмен өлшейтінбіз. Қыстың аязды күнінде, жаздың аптап ыстығында, көктем мен күздің қара суықтарында бірнеше метр биіктіктегі май қазандарына әлсін-әлсін көтеріліп, өлшем алатынбыз. Құрал-

жабдықтарымыз да ескі, бүгінгідей жатақханамыз, асханамыз да жоқ. Сонда да, ренжуді, шаршадық деуді білмеуші едік. Ал, бүгінде жұмыс мүлдем басқа. Мұнайшылық кәсіп ауыр еңбекке жатады дейміз. Мен осы пікірге онша келісе бермеймін. Мұнай-газ саласының бүгінгі таңдағы жұмыс ағымы толық автоматты түрде атқарылады. Мұнайшылардың жұмыс орны - жылы кабинет, барлық жаңа технология бар, өнім көрсеткіші пульт арқылы басқарылып, өндіріс тынысы пульспен қадағаланып отырылады, - дейді Раушан Әсетқызы.

Бүгінгі ұжымдастарының дені жастар екенін баса айтқан Раушан Молдағали әңгіме арасында «кеше мен үйретсем, бүгінде мен олардан үйреніп жүрмін» деп күледі. Иә, жас жүрген жерде жаңалық, өзгеріс емес пе! Ұжымдағы жастарға тәлімгер бола білген Раушан, кейде білмей қалғанын жас мамандардан сұрауға қымсынбайды да. Себебі, бүгінгі Ембі өндірісі жаңалық пен өзгеріске толы. Заманның ағымына сай өзгерген өндірісте үнемі іздену – басты талап.



«Күміс алқалы» мұнайшы



Мұнайшы мамандығы қиын кәсіп деп бағаланады. Дегенмен, ер-азаматтарға тән келетін кәсіпте мұнайшы қыздар да қатардан қалмай табысты еңбек етуде. Мәселен, Компания бойынша қиын кәсіпке жататын токарь мамандығында 3 әйел адам, слесарылықта 3 әйел адам еңбек етсе, 1 әйел вулканизаторшы болса, 1 әйел адам ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасында шебер болып еңбек етуде. Демек, бүгінде әйелдер араласпаған сала жоқ деуімізге толық негіз бар. Олар барлық мамандықты меңгерген.

Бүгінгі кейіпкеріміз – «Доссормұнайгаз» МГӨБ Қошқар мұнай өндіру учаскесінде мұнайшы болып қызмет ететін Майра ИМАНҒАЛИЕВА. Дала төсінде 32 жылдай уақыт бойы еңбек етіп келе жатқан Майра Есқайырқызы – қазіргі таңда 6 баланы тәрбиелеп өсірген, шаңырақтың алтын діңгегі болып отырған «Күміс алқалы» ана, аяулы жар.

1987 жылы Алматыдағы Қазақ ұлттық техникалық университетін тәмамдаған қаршадай қыз алғаш рет «Доссормұнайгаз» МГӨБ Қошқар кен орнына келіп, өндіріс тынысына араласа бастайды. Содан бүгінгі күнге дейін мұнай-газ өндіру операторы болып табан аудармастан еңбек етуде.

- Ең алғаш жұмысқа келген күнім есімде, 25 жастамын. Сол кезде маған ұстаз болған Төлеубай Көпкенов, Серік Тайышев, Скендір Айтжанов операторлық мамандықтың қыр-сырын меңгеруге зор көмектерін берді. Ақыл-кеңестерін аямады, - дейді кейіпкеріміз бізбен әңгімесінде.

Майра Иманғалиева мұнайшылар әулетінің мерейін асырып, ата-ана жолын жалғады. Әкесі Есқайыр Иманғалиев пен анасы Сақытжамал Қожанова ұзақ жылдар бойы Қошқар кәсіпшілігінде ұзақ жылдар еңбек еткен. Міне, осындай отбасынан шыққан Майраға мұнайшы мамандығы бала шағынан етене таныс еді. Өзінен кейін ерген Ержан, Нұржан

есімді інілері де – «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында абыройлы еңбек етуде. Сондай-ақ, жолдасы да Тұрлан Серікбаев та – «Доссормұнайгаз» басқармасында мұнайшы болып жұмыс жасауда.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Майра Иманғалиева мен Тұрлан Серікбаев бүгінде алты бала, оның ішінде, 1 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсіріп, 5 немере, 7 жиеннің қызығын көріп отырған ата-әже.

- Менің бүкіл өмірім өндіріспен байланысты болды, - деп еске алады Майра Есқайырқызы. - Әрине, ана үшін 14 күн бойы баласын көрмеу оңайға соқпайды. Сағынасың, алаңдайсың, уайымдайсың. Дегенмен,



жұмыстың да жауапкершілігін сезінесің. Еңбектеніп жұмыс жасадым, шаршау дегенді білмедім. Вахтадан үйге келгенде үйде, балаларымыздың қасында көбірек уақыт өткізуге, отбасы құндылығын дәріптеуге тырысамыз. Қазақ халқында баланың санын санамайды. «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» дегендей, әр баланың өз ырзығы болады. Шаңырақтың үлкендері көмектесті Балаларымыз да бір-біріне қарайласып, үлкені-кішісін тәрбиелеп, аман-есен ер жетті. Өмірден өз орындарын тапты. Ұлымызды ұяға, қыздарымызды қияға қондырып,

қызықтарына кенеліп отырмыз. Бір қызымыз мен ұлымыз мұнайшы мамандығын таңдаса, екі қызымыз – мұғалім, тағы бір қызымыз – заңгер. Ал, кіші перзентіміз биыл Атырау агротехникалық колледжін қызыл дипломмен тәмамдағалы отыр. Ата-ана үшін ұрпақтың амандығынан басқа асқан бақыт жоқ қой!

Мұнай өндіру операторы. Атауы айтып тұрғандай, бұл мамандық иесінің атқарар міндеттерінің жауапты әрі күрделі екені жайлы біреу білсе, бірі біле бермесі анық. Оның қызметі – мұнай өндіру процестерінің барлық техникалық тәсілдерін жүргізу, сондай-ақ, өндірілген өнімді автоматты топтық өлшеу қондырғысы арқылы өлшеу, ұңғымалардан сынама алу, тербелмелі станоктардың қалыпты жұмысын бақылау. Күн сайын 2-3 реттен ұңғымалардың жұмысын тексеріп, аралайды.

- Жан-жағымызға назар аударсақ, қоғам көз ілеспес шапшаңдықпен алға жылжып барады. Заман ағымына сай жұмыс бағыты да өзгеруде. Бұрын барлық жұмыс қолмен жасалды. Ал, қазір кен алаңдағы барлық өнім беру ұңғымалары автоматты түрде бақыланып отырады. Жұмысты едәуір жеңілдететін арнайы техникалар іске қосылды. Тасымалдайтын көлік те бар. Жиырма адамға негізделген жатақхана, асхана жұмыс жасайды. Бір сөзбен айтқанда, жұмыс жасайтын адамға барлық жағдай қарастырылған, - дейді М.Иманғалиева.

«Әйел-ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмас күш, көзді бұлақ емес пе?» деп жазушы Ғабит Мүсірепов айтқандай, ана баласы үшін кез келген қиындыққа қарсы тұрады. Бала анаға күш-қуат береді, бақыт сыйлайды. Сондықтан, бүгінгі күні балаларының қуанышына масаттанып, жетістігіне мақтанып отыратын Майра Есқайырқызы ұрпағына еңбектің қандай қиыны болса да мойымай, ерінбеу керектігін үнемі айтып отырады.



Серіктестік

Солтүстік Қазақстан облысының бизнес-делегациясы Ембіде болды

Атырау облысына сапары барысында Солтүстік Қазақстан облысының (бұдан әрі СҚО) кәсіпкерлері «Ембімұнайгаз» АҚ-да болып, басшылық құраммен кездесті.

СҚО әкімінің орынбасары Дәурен Жандарбек бастап келген делегация құрамында аймақтың индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Арман Оразғұлов, СҚО Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Марат Искаков, «Солтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының өкілдері және С.М.Киров атындағы, «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ, көп профильді қондырғылар және «Блок» зауыттары басшыларының орынбасарлары болды.

- Кәсіпкерлік ұйымдарының дамуы ел экономикасын арттыруға тың серпін береді. Біздің делегация Атырау қаласында аймақаралық ынтымақтастық отырысына қатысты. Сонымен қатар, аймақтағы ірі компанияларда кездесулер жоспарлануда.

«Ембімұнайгаз» компаниясымен сертификаттау және көптеген басқа да бағыттар бойынша ұзақ жылдардан бері серіктестік орнатқанбыз. Біріккен жемісті жұмысымыз одан әрі де жалғасын таба береді деген үміттеміз, - деп атап өтті СҚО әкімінің орынбасары Дәурен ЖАНДАРБЕК.

ЕМГ коммерциялық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Едіге ЧАКЛИКОВ

«Ембімұнайгаз» АҚ «Самұрық-Қазына» ӨАҚ» АҚ компаниялар тобына кіретінін, соның негізінде сатып алулар рәсімдері аталған холдингінің Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесіне сәйкес жүргізілетіндігін атап өтті.

Ембілік мұнайшылар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін бизнестің алар орны зор екендігін жақсы сезінеді. ЕМГ-нің сатып алулар рәсіміне әлемнің түкпір-түкпірінен кез келген компания қатыса алады. Барлық тендерлік рәсімдер ашық түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сайтында <http://zakup.sk.kz/> жүзеге асады, - деді Е. Чакликов.



Жастар жылы

Дарынды оқушыларға үлкен қолдау

Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған «2019 жыл-Жастар жылы» аясында биыл Атырау қаласы мен аудан мектеп оқушыларының арасында «Дарын» білімділер сайысы бастау алып, оған қатысуға 730 оқушы өтініш берген.

Ғ.Сланов атындағы облыстық кітапханасының оқу және акт залында "Жастар жылы" аясында Атырау облысына қарасты қала және аудан мектеп оқушылары арасындағы «Дарын» білімділер сайысының алғашқы іріктеу сайысы өткізілді.

Тестілеу сайысының мақсаты білім додасына қатысамын деп өтініш берген 730 оқушы арасынан ұпай саны жоғары деген алғашқы 32 оқушыны іріктеп алу. Кейін сол 32 оқушы 8 топқа бөлініп, өзара білім сайысын өткізбек. Аталған жобаны жүзеге асыруға демеушілік көрсеткен «Ембімұнайгаз» АҚ болып табылады.

- Білім сайысының алғашқы іріктеу сайысы бір күні бір уақытта қала және аудан орталықтарында өтті. Ұйымдастырушылар тарапынан аудандарға

арнайы өкілдер барып, тестілеу өткізіп келді. Аудандар бойынша барлығы 96 мектептен 480 оқушы тестілеуде алғаш білімдерін сынады. Ал, қала бойынша барлығы 50 мектептен 250 оқушы бұл күні өз білімдерін сынап, тоғыз пәннен құрылған жүз сұрақтан тұратын тест сұрақтарына жауап берді, - дейді жобаны жүзеге асырушы «Мираскор» қоғамдық қорының төрағасы Амандық ЕСҚАЛИЕВ.

Айта кетейік, сұрақ кітапшасы қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақстан тарихы, қазақстан географиясы, математика, физика, химия, биология және ағылшын тілі пәндерінен жасалған сұрақтардан жинақталды.

Сегіз іріктеу, екі жартылай финал және бір финалдық ойынды өткізуді жоспарлап отырған жоба қорытындысы бойынша жеңімпаз оқушыға республикалық университеттің біріне тегін оқу гранты берілсе, екінші, үшінші және төртінші орын алған қалған үш қатысушыға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің тегін оқу гранты табысталмақ.



Оқушылар Компанияның интерактивті мұражайында болды

«Мирас» қоғамдық қорының ұсынысымен «Дарын» білімділер сайысына қатысқан 30-дан астам облыстың білім ошақтарының дарынды оқушылары Компанияның интерактивті мұражайында болды. Олар мұражайдың «Интро», «Алғашқы ашулар», «Технология уақыты», «Ұлы Отан соғысы», «Медиа орталық» және басқа да бөлімдеріндегі құнды мәліметтермен танысып, өздерін қызықтырған сауалдарын да қойды.

Қазақ мұнайының бастауында тұрған Ембі өндірісінің бай тарихын жастар арасында кең насихаттау мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ 2018 жылдан бастап Атырау қаласындағы мектеп оқушылары мен жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттеріне арнап Компанияның интерактивті мұражайына экскурсия шарасын бастаған болатын.

Экскурсия барысында жастар ел экономикасының жетекші саласы – мұнай-газ секторының қалыптасуы, оның қарыштап дамуы, Ембі өндірісінің жаңа технологиямен батыл қамтылуы, мұнайшылар әулеттерінің қалыптасуы т.б. мәселелермен кеңінен танысуға мүмкіндік алды.

Байқау / Конкурс

Байқау «МЕН – ЕМБІЛІКПІН»

Құрметті әріптестер! «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен басқару аппараты жұмысшылары арасындағы «МЕН – ЕМБІЛІКПІН» ұжымдық шығармашылық байқауына қатысуға шақырамыз!

1. Байқаудың мақсаты:

- Жұмысшыларды ЕМГ-нің 2017-2027 жылдарға дейін бекітілген Даму тұжырымдамасындағы корпоративтік құндылықтарын сақтауға жұмылдыру;
- Корпоративтік мәдениет, өндірістік процестерді, шығындарды оңтайландыру, қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету, Компания мүлкіне және қоршаған ортаға ұқыпты қарау бағытындағы жаңа тиімді әдістерді ұсынатын еңбек ұжымдары мен белсенді мамандарды анықтау;
- Ұжымдық коммуникацияны дамыту.

2. Байқауды ұйымдастырушы: ЕМГ-нің қоғаммен байланыс қызметі.

3. Байқауға жолданатын жұмыстарды қабылдау кезеңі: 2019 жылғы 1 ақпан – 31 наурыз аралығы

4. Байқау 6 номинация бойынша өтеді:

- Біздің мақсатымыз – жазатайым оқиғаны болдырмау;
- Бастаған істі соңына дейін жеткіземіз!
- Компания мүлкін сақтап, тұрақтылықты қамтамасыз етеміз!
- Шеберлік – кәсіби өсу кепілі!
- Бір ұжым – бір команда!
- Қарашүңгіл кен алаңының 120 жылдығына арналған үздік логотип (эмблема).

5. Байқаудың шарты: «Мен – ембілікпін!» байқауына Компанияға қарасты басқармалардың, Басқару аппаратының кез келген жұмысшы-қызметкері қатыса алады. Байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстар әртүрлі жанрда – мақала, эссе, репортаж, фоторепортаж, сурет, бейнеролик (телефонға түсіруге болады) түрінде қабылданады. Шығармашылық жұмыстарды «БАЙҚАУҒА» белгісімен «Ембімұнайгаз» АҚ Қоғаммен байланыс қызметіне (L.Suleimenova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны – 21-177, 99-34-77), G.Karajanova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны–21-121, 99-34-21), A.Ertleuova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны -21-309, 99-32-09) жолдай аласыздар.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУДА СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ! ЖҰМЫСТАРЫҢЫЗДЫ КҮТЕМІЗ!

Конкурс «Я –ЭМБИНЕЦ»

Уважаемые коллеги! Приглашаем вас на участие в корпоративном творческом конкурсе «Я –ЭМБИНЕЦ» между работниками аппарата управления и производственных структурных подразделений АО «Эмбаунайгаз» (далее ЭМГ).

1. Цель конкурса:

- Вовлечение работников в корпоративные ценности ЭМГ, определённые в рамках Концепции развития Компании 2017-2027 гг.
- Выявление инициативных работников и трудовых коллективов, предлагающих новые эффективные методы и проекты по улучшению производственных процессов, оптимизации затрат, обеспечению безопасности труда, бережному отношению к окружающей среде и имуществу компании, в области корпоративной культуры;
- Развитие корпоративных коммуникаций.

2. Организаторы конкурса: Служба по связям с общественностью ЭМГ.

3. Период приема конкурсных заявок: с 1 февраля по 31 марта 2019 года.

4. Конкурс творческих работ пройдет по 6 номинациям:

- Наша цель – ноль происшествий!
- Доводим дело до конца!
- Бережем имущество Компании – обеспечиваем стабильность!
- Профессиональное мастерство – залог карьерного роста!
- Один коллектив – одна команда!
- Лучший логотип (эмблема) к 120-летию нефтедобычи на структуре Карашунгул.

5. Условия конкурса: В конкурсе имеют право участвовать все штатные сотрудники ЭМГ. Творческие работы, представленные на конкурс, принимаются в различных жанрах – презентации, статьи, очерки, репортажи, фоторепортажи, картины и видеоролики. Все работы следует направлять в Службу по связям с общественностью ЭМГ на электронные адреса сотрудников - L.Suleimenova@emg.kmger.kz, контактный тел: 21-177, 99-34-77, G.Karajanova@emg.kmger.kz -21-121, 99-34-21, A.Ertleuova@emg.kmger.kz, контактный тел: 21-309, 99-32-09.

УДАЧИ В ТВОРЧЕСТВЕ! ЖДЕМ ВАШИ РАБОТЫ!

Байқау «Менің бақытты балалық шағым»

Құрметті әріптестер! «Ембімұнайгаз» АҚ Халықаралық балаларды қорғау күніне және Қарашүңгіл кен алаңынан мұнай алынғанына 120 жылдығына орай «Менің бақытты балалық шағым» атты балалар арасында шығармашылық байқауын жариялайды. Байқауға 5 мен 15 жас аралығындағы балалар қатыса алады.

Байқаудың мақсаты:

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері балаларының шығармашылық қабілеттерін дамытып, дүниетанымын кеңейту. Дарынды балаларды анықтау, қолдау, олардың қоршаған ортаның, ата-аналары қызмет ететін мекеменің тарихына деген танымдық қызығушылықтарын ынталандыру;

Байқау 3 номинация бойынша өтеді:

1. «Менің туған өлкем – мұнайлы өңір» номинациясында балалар өздерінің туып-өскен жері, қазіргі тұрғылықты мекен-жайлары туралы кеңірек баяндай алады.

2. «Менің әкем/анам – Ембі мұнайшысы» номинациясында балалар ата-аналарының қызметі, күнделікті жұмысы туралы ойларын көрсетулері керек.

3. «Ертеңгі мұнай-газ саласының келбеті» номинациясында балалар өздерінің шығармашылығында мұнайшылық кәсіптің болашақтағы бейнесін бала қиялымен жеткізе білулері талап етіледі.

Байқаудың шарттары:

Байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде, әртүрлі жанрда – мақала, репортаж, фоторепортаж, сурет, бейнеролик (телефонға түсіруге болады) түрінде қабылданады. Балалар өздерінің шығармашылық жұмыстарына өмірбаянын (бала туралы қысқаша деректер: нешінші сыныпта оқиды, мекен-жайы, сабақтан тыс айналысатын қызығушылығы, баланың барлық марапаттары т.б.) қоса жолдаулары тиіс. Сонымен қатар, баланың ата-анасының жұмыс орны, лауазымы анық көрсетілуі қажет.

Байқау жұмыстары 2019 жылдың 1 наурыз – 30 сәуір күндері аралығында қабылданады. Жеңімпаздарды марапаттау шарасы мамыр айының соңында ұйымдастырылады. Байқауға түскен шығармашылық жұмыстар жас ерекшеліктеріне қарай үш топпен бағаланады:

5-9 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»;

10-12 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»;

13-15 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»;

Шығармашылық жұмыстарды «БАЛАЛАР БАЙҚАУЫНА» белгісімен «Ембімұнайгаз» АҚ Қоғаммен байланыс қызметіне (L.Suleimenova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны – 21-177, 99-34-77), G.Karajanova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны–21-121, 99-34-21), A.Ertleuova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны -21-309, 99-32-09) жолдай аласыздар.

Конкурс «Мое счастливое детство!»

Уважаемые коллеги! С 1 марта по 30 апреля АО «Эмбаунайгаз» (далее ЭМГ или Компания) объявляет творческий конкурс среди детей сотрудников Компании на тему «Мое счастливое детство!», приуроченный к Международному Дню защиты детей и 120 – летию добычи нефти на структуре «Карашунгул». В участию в конкурсе допускаются дети в возрасте от 5 до 15 лет.

Организатор конкурса: Служба по связям с общественностью АО «Эмбаунайгаз».

Цель конкурса:

Развитие у подростков творческих и познавательных способностей, поощрение интереса к истории родного края и предприятия, в котором работают их родители. Укрепление семейных ценностей и помощь в профессиональной ориентации подрастающего поколения.

Конкурс пройдет в 3 номинациях:

1. В номинации «Моя родина - нефтяной регион» ждем от ребят работы о родном крае, о городе/поселке, где они живут и учатся.

2. В номинации «Мой отец/мать – нефтяник Эмбы!» ребята могут рассказать о работе и повседневной жизни своих родителей.

3. В номинации «Каким я вижу будущее нефтяной Эмбы?» ребята могут поделиться своим видением о будущем нефтяной отрасли и профессии нефтяника в частности.

Условия конкурса:

Творческие работы, представленные на конкурс, принимаются на русском и казахском языках в различных жанрах - статьи, видео и фото-репортажи, рисунки, видеоролики (допускаются съемки на мобильные телефоны). Присланные на конкурс творческие работы обязательно должны сопровождаться информацией с ФИО ребенка, домашним адресом, контактными данными, номерами школы и класса, местом работы и должностью родителей – сотрудников АО «Эмбаунайгаз».

Конкурсные работы принимаются с 1 марта до 30 апреля 2019 г. Итоги будут подведены в течение мая месяца. Церемония награждения победителей состоится в конце мая, в рамках серии праздничных мероприятий, приуроченных к 120-летию добычи нефти на структуре «Карашунгул». В каждой номинации работы будут оцениваться в трех возрастных категориях:

«Лучшая работа» в возрасте от 5 до 9 лет;

«Лучшая работа» от 10 до 12 лет;

«Лучшая работа» от 13 до 15 лет;

Творческие работы с пометкой «Детский конкурс» направлять в Службу по связям с общественностью АО «Эмбаунайгаз» на электронные адреса - L.Suleimenova@emg.kmger.kz (тел. 21-177, 99-34-77), G.Karajanova@emg.kmger.kz (тел. 21-121, 99-34-21), A.Ertleuova@emg.kmger.kz (тел. : 21-309, 99-32-09).



Салауатты өмір салты

Фитнес орталығы ембіліктерді шақырды

Жастар жылы аясында «Ембімұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі «Fitness Center Atyrau» фитнес орталығымен бірігіп, 17-ақпан күні арнайы Орталық басқару аппаратының жас мамандары үшін ашық есік күнін ұйымдастырды.


Айта кетейік, Атырау қаласында ашылғанына 13 жылдай уақыт болған алып кешенде тренажер, күрес, спорттық би, йога, ауыр атлетика, бокс, залдары және басқа да сауықтыру бөлмелері жұмыс жасайды.

- Мұндай шаралар салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, компанияның жас мамандарының басын қосуға, танысуына ықпал етеді. Демалыс күнімізді пайдалы әрі қызықты етіп өткізуге атсалысқан фитнес орталығының қызметкерлеріне алғысымыз шексіз, - дейді «Ембімұнайгаз» АҚ қазынашылық департаментінің жетекші аналитигі Асылбек Жұмабаев.

Тренажер залының нұсқаушылары Кристина Ульянова мен Родион Кабацков денені шынық-

тырудың қыр-сырын түсіндіріп, үйретсе, ММА мен панкратионнан Қазақстанның чемпионы, компанияның корпоративтік қауіпсіздік және жұмылдыру жұмыстары қызметінің маманы Исатай Теміров аталған орталықтың ММА нұсқаушысы Азамат Өтеповпен спарринг жарысын өткізіп, 2:1 есебімен жеңіске жетті. Сондай-ақ, ембіліктер білікті спорт мамандарына сұрақтарын қойып, кеңестерін алды, жаттығулар жасады.

Ашық есік күні йога жаттығуларына ұласты.



Әріптесіміздің ұлы – ел чемпионы!

Жуырда «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында қызмет ететін Бибігүл Мамбетованың шаңырағына Ақтау қаласынан қуанышты хабар жетті. 2001-2002 жылы туылған үлкен жасөспірімдер арасында самбо күресінен өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында әріптесіміздің ұлы Абылайхан Мейрамбекұлы алтыннан алқа тағынды.

Әлем және Азия чемпионаттарына іріктеу болып табылатын ел біріншілігінде облыс құрамасы сапында өнер көрсеткен «Барыс» балалар-жасөспірімдер денешынықтыру даярлық клубының шәкірті Абылайхан (жаттықтырушылары Асхат Жұмабеков, Равиль Тәукен) 52 келі салмақ дәрежесінде сынға түсті.

Еліміздің барлық облысынан оза шапқан кілең мықтылардың басын қосқан додада бабына

бағы сай келген Абылайхан бес кездесуді де таза жеңіспен аяқтап, ел чемпионы атанды. Айта кетейік, Абылайхан бұл бәсекеде облыс құрамасы спортшылары ішінде алтыннан алқа тағынған жалғыз палуан екен. Шәкіртінің сүйінші хабарын жеткізген бапкері, «Барыс» балалар-жасөспірімдер денешынықтыру даярлық клубының директоры Асхат Жұмабеков енді Абылайханды алда Өзбекстан мемлекетінде туын көтеретін әлем және Таиланд елінде өтетін Азия біріншілігі күтіп тұрғанын айтады.

Сонымен қатар, Абылайхан жыл тоғысында «Жыл жүйрігі» атағына ие болған болатын. Сол атаққа лайық екендігін тағы бір мәрте дәлелдеген жас палуан енді әлем мен Азияны бағындырып, шын жүйрік атансын деген тілектеміз.

Naryntany.kz



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Қайрат ӘДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана: «Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Коллеги!

По поводу случившихся или предполагаемых фактов хищений, мошенничества и коррупции и нарушения служебной этики можете обратиться:

Сайт: www.sk.deloitte-hotline.com

Телефон: 8 (800) 080 19 94

Почта: sk.hotline@deloitte.kz

Әріптестер!

Ұрлық, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық немесе қызметтік этика ережелерін бұзу фактілерінің орын алуы немесе болу мүмкіндігі туралы мәлім болса, төмендегі байланыс деректері бойынша хабарлай аласыздар:

Сайт: www.sk.deloitte-hotline.com

Телефон: 8 (800) 080 19 94

Пошта: sk.hotline@deloitte.kz